




«Бекітемін»

«М.М. Катаев атындағы
Оқушылар сарайы»

КМҚК басшысы

 А.Ж. Ерубоева

« » 2018 ж.

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында
облыстық «Менің кіші Отаным»
интеллектуалдық конкурсын өткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1.1 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында облыстық «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық конкурсын М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы өткізеді.

Конкурстың ұйымдастырылуы және өткізілуі жалпыға қол жетімді қағидасы негізінде құрылды.

1.2 Конкурстың мақсаттары:

- қазақ халқының тарихы және дәстүрін білу арқылы белсенді азаматтық көзқарасты қалыптастыру, тарихи және өлкетану білім беруге бейімдеу.

1.3 Конкурстың міндеттері:

- өлкетануға қызығушылық танытқан балалар мен жастарды анықтау және қолдау;

- туған өлкесінің тарихын зерделеуге танымдық қызығушылықты ынталандыру;

- тарихи өлкетану саласында оқушылардың зерттеу ойларын және бастамаларын анықтау және қолдау;

- оқушылардың шығармашылық ахуалын дамыту;

- ортақ тарихқа, өз жеріне, өз ауылына, қаласына, аймағына деген сүйіспеншілік негізінде жалпықазақстандық рухани жетілуін қалыптастыру;

1.4 Конкурсты ұйымдастырушысы:

- М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы.

1.5 Конкурстың қатысушылары

Конкурс қатысушылары саны 5 адамнан құралған әр жастағы командалар: Павлодар облысының жалпы орта білім беру мектептерінің 5-11 сынып оқушылары, колледж және лицей студенттері.

Қатысушылардың жасы 10- нан 19 жасқа дейін.

Конкурс келесідей жас шамалары бойынша өткізіледі:

жасы кіші топ - 10-13 жас аралығындағы балалар,

жасы орташа топ - 14 - 16 жас аралығындағы балалар,

жасы ересек топ - 17 - 19 жас аралығындағы жасөспірімдер.

Конкурс мына тақырыптар бойынша өткізіледі:

1.«Экологиялық-өлкетану жолсілтемелері» (2017-2018 оқу жылы)

2.«Біздің өлкеміздің тарихи мұрасы» (2018-2019 оқу жылы)

3.«Павлодар Ертіс өңірінің адамдары» (2019-2020 оқу жылы)

4.Павлодар облысының қасиетті жерлері
(2020-2021 оқу жылы)

5. «Павлодарлық Ертіс өңірінің әдеби өмірі». (2021-2022 оқу жылы)

1.6 Конкурстың қазылар алқасы

Конкурстың қазылар алқасының құрамына кіретіндер:ПМПИ-ның оқытушысы, «Экология және туризм» балалар және жастар орталығының педагогтері, Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайының маманы, М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының бейімдеп оқыту ісі жөніндегі басшы орынбасары.

2. Облыстық «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық конкурсын өткізу тәртібі.

2.1 Конкурс екі кезеңмен өткізіледі:

2.2 Бірінші кезең – күндізгі, аудандық/ қалалық іріктеу (20-30 сәуір)

Конкурсты өткізу түрлері: өлкенің табиғатына байланысты білімдеріне брейн-ринг, турнир, квест, викторина. Жұмыс қорытындысы ретінде «Экологиялық-өлкетану жолсілтемелері» болып саналады.

Конкурстың аудандық/ қалалық іріктеу кезеңінің жеңімпаздары облыстық кезеңге қатысады.

2.3 Екінші кезең – күндізгі, облыстық (17 мамыр).

Конкурстың бағдарламасы:

1. «Экологиялық-өлкетану жолсілтемелері» тақырыбында слайдтық тұсаукесер немесе бейнеролик конкурсы.

Өткізу түрі: ауыл, аудан, қаланың табиғи мұрасымен (флора және фауна) таныстыратын маршруттарды сипаттау.

2. Интеллектуалды конкурс:

- «Мен бұл өлкені сүйемін және сақтап қаламын» кіші Отанымыздың жануарлар және өсімдіктер әлемін, облыста табиғатты қорғау жағдайын білуге арналған сайыс.

3. Конкурстық жұмысқа қойылатын талаптар

3.1 Конкурстық жұмыс қазақ немесе орыс тілінде ұсынылады.

3.2 Конкурстық жұмыс бұрын-сонды осындай конкурсқа қатыспауы және жарияланбауы шарт.

3.5 Конкурсқа ұлттық, әлеуметтік, діни айырмашылықты насихаттайтын, сонымен бірге әдеп, мораль және құқық нормаларын бұзатын жұмыстар қабылданбайды.

3.6 Конкурстық жұмыста ғаламтор жүйесінен алынған тұсаукесерлер мен бейнероликтерді пайдалануға тыйым салынады.

3.7 Конкурстық жұмыстар қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Осы шарттарды бұзған жағдайда, конкурс ұйымдастырушылары жұмысты қарап, бағаламауға құқылы.

4. Конкурстарды бағалау өлшемдері.

4.1 Қашықтық конкурстық жұмыстарды бағалау өлшемдері:

- жұмыстың конкурс тақырыбына сәйкестігі
- тақырыптың толық ашылуы
- композициялық және түстік шешімдердің қолжетімділігі және сенімділігі
- ұсынылған ақпараттың шынайылығы
- пайдаланған сюжеттің ерекшелігі, жаңашылдығы
- жұмыстың жоба ережелерінің талаптарына бағдарламалық қамтамасыздандырылуына сәйкестігі.

4.2 Командаларды бағалау өлшемдері:

- сахнада сүйемелдеудің болуы (мысалы: музыкалық, бейнеролик, тұсаукесер, перформанс және т.б.)
- жауаптарының мазмұндылығы мен толықтығы
- идеялардың өзгешелігі
- команданың ұйымшылдығы
- уақыт регламентінің сақталуы.

5. Конкурс қатысушыларын марапаттау тәртібі

5.1 Конкурс қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

5.2 1,2,3 орынға ие болған конкурс қатысушылары дипломмен марапатталады. Командаларға қатысқаны үшін сертификат беріледі.

5.3 Жеңімпаздардың аты-жөні Павлодар облысының Білім беру басқармасы және М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының ресми сайттарында жарияланады.

5.4 Марапаттау Оқушылар сарайында мамыр айында өткізіледі, нақты күні жеңімпаздарға қосымша хабарланады.

6. Қатысу тәртібі

6.1 Облыстық «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық конкурсының облыстық турына қатысу үшін өтінімдер (№1 қосымша) 2018 жылдың мамырдың 10-на дейін мына мекенжай бойынша: Павлодар қ., 1-Май көшесі, 27 үй, «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК телефоны 8(7182) 32-85-07 және мына электрондық мекенжайға: metodotdelDSH@mail.ru. жіберіледі.

6.2 Өтініммен бірге қоса беріледі:

Аудандық/ қалалық іріктеу кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу бойынша төмендегі үлгіде есеп беру:

Ауыл, аудан, қаласының табиғи мұрасына қатысты білімдеріне конкурстың өткізу қорытындысы

№ р/с	Білім беру ұйымының атауы	Конкурсты өткізу түрлері	Қатысушылард ың жалпы саны	Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің жалпы саны
1	2	3	4	5
1				
2...				
Аудан/ қала бойынша барлығы:				

7. Жобаны іске асыруға жауапты: М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдіскері Оспанкулова Әсима Советқызы.

Байланыс телефондары: 32-85-07, 32-85-17 сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін.

№1 қосымша

**Облыстық «Менің кіші Отаным»
интеллектуалдық конкурсына қатысушының өтінімі**

Қала /аудан	
Ұйым	
Конкурстық жұмыстың тақырыбы	
Команданың атауы	
Қатысушылар құрамы: Т.А.Ж., жасы	
Жетекшінің тегі, аты-жөні	
Жетекшінің қызметі және жұмыс орны	
Жетекшінің байланыс телефондары: (жұмыс, ұялы, E-mail)	
Конкурстық жұмыстың орындалған уақыты	